



ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ТІРКЕУ ОФИСІ

2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

ф.ғ.к. Қ.С. Мамаев

ШЫМКЕНТ, 2023

Тіркеу офисінің «Тіркеу офисінің 2022-2023 оқу жылында жүргізетін жұмыстарының жоспары» 31.08.2022ж. Ғылыми кеңестің мәжілісінде қаралып, бекітілді.

Оқу жылы басында Тіркеу офисі офис-тіркеушілер А.Е.Әбдірахманова, Ф.Б.Әбубәкір, М.Н.Тұрғанбек, Н.Е.Тұрсынғали, Е.Н.Өсербай, Л.Е.Ағабек, Ш.Ә.Тұрлыбаева, Б.Берикбосын және іс жүргізуші А.Д.Анашова «Электронды кезек» және техника қауіпсіздік ережесімен таныстырылды.

Тіркеу офисінде 1 ш.б. – басшы, 12 ш.б. – офис-тіркеуші және 1 ш.б. – іс жүргізуші қызметінде 1 басшы, әрқайсысы 1,5 ш.б. құрайтын 8 офис-тіркеуші қызмет атқарды. 04.04.2023ж бастап 1 ш.б. іс жүргізуші қызметі вакансияда болды. Оқу жылы бойында М.Н.Тұрғанбек – 03.10.2022ж., А.Е.Әбдірахманова – 15.03.2023ж., А.Д.Анашова 03.04.2023ж. – декреттік демалысқа, Е.Н.Өсербай – 15.11.2022ж., Л.Е.Ағабек – 10.02.2023ж. өз еріктерімен жұмыстан шықты. А.А.Абдикадирова 13.02.2023ж. бастап – іс жүргізуші қызметіне қабылданып, 04.04.2023ж. бастап офис-тіркеуші қызметіне ауыстырылды.

П.Н.Ерकोжаева 10.03.2023ж. бастап, офис-тіркеуші қызметіне декреттік демалыстан оралды.

С.Е.Сайлаубай 15.03.2023ж. бастап офис-тіркеуші қызметіне қабылданды.

1. ТІРКЕУ ОФИСІНІҢ 2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНДА АТҚАРҒАН ЖҰМЫСТАРЫ

Тамыз айында және демалыс кезінде басқа жоғары оқу орнынан ауысқан, курсқа қайта оқуға қалдырылған, оқуын қалпына келтірген, бір білім беру бағдарламасынан басқа білім беру бағдарламасына (мамандықтан мамандыққа) ауысқан студенттер үшін факультеттердің Оқыту нәтижелерін қайта есептеу комиссиялары анықтаған пән айырмаларын Univer жүйесіне енгізу жұмыстары атқарылды. ҚР ҒЖБМ-нің электрондық сабақ кестесін құру талабына сай, Univer жүйесінде кафедралардан ұсынылған оқу жұмыс жоспарлары мен ОПҚ жүктемелері негізінде 1-курс студенттері Univer жүйесіндегі оқу пәндеріне тіркеліп, 2-5 курс студенттерінің аталған жүйедегі тізімі нақтыланды.

Тіркеу офисі мәжілісінде Офис-тіркеушілер білім беру бағдарламаларына жауапты етіп бекітілді. Күзгі және көктемгі семестрлердегі 1-3 ағымдық бақылау нәтижелері талданып, есептері ректоратқа ұсынылды. Мәліметтер ОҚМПУ сайтына қойылып отырылды.

Қысқы және жазғы емтихан сессиясы, жазғы семестр емтихан кестелері 2 апта бұрын бекітіліп, студенттердің назарына ұсынылып отырылды.

2022-2023 оқу жылының қысқы және жазғы емтихан сессияларына апелляциялық комиссия құрамдары, жазғы семестрде дәріс жүргізетін оқытушы-профессорлар құрамы ОҚМПУ ректорының бұйрығымен бекітілді.

Қысқы және жазғы емтихан сессиясы, жазғы семестр емтихан қорытындысы бойынша жинақ ведомостар мен есептер дайындалып, сессия нәтижесі бойынша деканаттар тарапынан ұсынылған стипендия туралы бұйрықтардың жобалары тексерілді.

Қысқы және жазғы емтихан сессиясы нәтижелері бойынша босаған мемлекеттік білім грантына үміткерлер сараланып, тиісті құжаттар мен олардың электрондық нұсқалары ҚР ҒЖБМ-іне 21.01.2023ж. және 03.08.2023ж. ұсынылды.

29.03.2023ж.-03.04.2023ж. аралығында басқа ЖОО-ларға мемлекеттік білім гранттарын жеңіп алған ОҚМПУ-дың 206 студентіне транскрипттер мен олардың көшірмелері, 160 студентке ағымдық бақылау тізімдемелері дайындалды. 03.04-14.04.2023ж. аралығында ОҚМПУ 2-4 курс студенттері 2023-2024 оқу жылына элективтік пәндерді таңдауы үрдісі Тіркеу офисі тарапынан ұйымдастырылды.

27.03.2023ж. мемлекеттік білім гранттарымен жаңадан қабылданған 198 студент сәуірайында 2023-2024 оқу жылына элективтік пәндерге тіркелді.

Факультеттер бойынша қорытынды аттестаттау бойынша Аттестаттау комиссияларының (АК) жұмыс кестелері дайындалды. 2022-2023 оқу жылында бітіруші курс студенттерінің үлгерім кестелері MS Excel-де дайындалып, деканаттарға, АК хатшыларына ұсынылды.

03-05.05.2023ж. аралығында Тіркеу офисіне сыртқы аудит тексеруі ұйымдастырылды.

Бітіруші курс білім алушылары үшін диплом қосымшалары қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде арнайы бланкіге шығарылып, көшірмелерімен бірге «Үміт» БАҚК орталығына ұсынылды.

2022-2023 оқу жылында академиялық қарызы бар студенттер үшін жазғы семестр 1-2 курстар үшін 19.06.2023ж.-28.07.2023ж. және 3-курс үшін 03.07.2023ж.-11.08.2023ж. аралығында ұйымдастырылды.

Оқу жылы бойында студенттердің сұранысы бойынша 985 транскрипт, түлектердің сұранысы бойынша диплом қосымшаларының телнұсқалары дайындалып, ұсынылып отырылды.

2023 жылдың сәуір айынан бастап, жаңа оқу жылынан оқу үрдісіне енгізілетін Платонус ААЖ-імен танысу жұмыстары жүргізіліп, офис қызметкерлерімен компанияның бірнеше рет ZOOM-конференциялары ұйымдастырылды.


2.1 2021-2022 оқу жылының күзгі семестрі бойынша

	1-ағымдық бақылау	2-ағымдық бақылау	3-ағымдық бақылау
Ағымдық бақылауда бағалануы тиіс студенттер саны:	7028 (100,00%)	6825 (100,00%)	6756 (100,00%)
Ағымдық бақылауда 50 және одан балл жинаған студенттер саны:	5895 (83,88%)	6056 (88,73%)	6248 (92,48%)
Өте жақсы (А, А-):	141 (2,01%)	411 (6,02%)	580 (8,58%)
Жақсы (А, А-, В+, В, В-, С+):	2612 (37,17%)	3312 (48,53%)	3694 (54,68%)
Аралас (А, А-, В+, В, В-, С+, С, С-):	3142 (44,71%).	2333 (34,18%).	1974 (29,22%).
Үлгермеуші студенттер саны:	1133 (16,12%)	769 (11,27%)	508 (7,52%)
Келмегендер:	50 (0,71%)	48 (0,70%)	72 (1,07%)
оның ішінде себептісі:	12 (0,17%)	16 (0,23%)	16 (0,24%)
себепсізі:	38 (0,54%)	32 (0,47%)	56 (0,83%)
Ағымдық бақылауда 50 балдан төмен жинаған студенттер саны:	1083 (15,41%)	721 (10,56%)	436 (6,45%)
Оның ішінде:			
бір пәннен:	675 (9,60%)	440 (6,45%)	304 (4,50%)
екі пәннен:	188 (2,68%)	172 (2,52%)	79 (1,17%)
үш және одан да көп:	220 (3,13%)	109 (1,60%)	53 (0,78%)
Күндізгі оқу нысаны білім алушыларының жалпы үлгерім пайызы:	83,88%	88,73%	92,48%

2. АҒЫМДЫҚ БАҚЫЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ШАРАЛАРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІН ТАЛДАУ

5

Факультеттер	Үлгерім көрсеткіштері (%)		
	1-ағымдық бақылау	2-ағымдық бақылау	3-ағымдық бақылау
Жаратылыстану	94,03	96,03	97,77
Филология	89,04	93	94,95
Тарих және педагогика	90,95	90,42	96,09
Физика-математика	79,77	84,71	90,26
Өнер және білім	89,57	82,64	95,45
Денешынықтыру және спорт	61,57	79,75	81,51
	83,88	88,73	92,48



2.2 2021-2022 оқу жылының көктемгі семестрі бойынша


	1-ағымдық бақылау	2-ағымдық бақылау	3-ағымдық бақылау
Ағымдық бақылауда бағалануы тиіс студенттер саны:	5442 (100,00%)	5459 (100,00%)	5375 (100,00%)
Ағымдық бақылауда 50 және одан балл жинаған студенттер саны:	3790 (69,63%)	4389 (80,40%)	4639 (86,31%)
Өте жақсы (А, А-):	27 (0,50%)	99 (1,81%)	153 (2,85%)
Жақсы (А, А-, В+, В, В-, С+):	1455 (26,73%)	2127 (38,96%)	2355 (43,81%)
Аралас (А, А-, В+, В, В-, С+, С, С-):	2308 (42,40%).	2163 (39,62%).	2131 (39,65%).
Үлгермеуші студенттер саны:	1652 (30,36%)	1070 (19,60%)	736 (13,69%)
Келмегендер:	137 (2,52%)	68 (1,25%)	90 (1,67%)
оның ішінде себептісі:	28 (0,51%)	6 (0,11%)	2 (0,04%)
себепсізі:	109 (2,00%)	62 (1,14%)	88 (1,64%)
Ағымдық бақылауда 50 балдан төмен жинаған студенттер саны:	1515 (27,83%)	1002 (18,36%)	646 (12,02%)
Оның ішінде:			
бір пәннен:	703 (12,92%)	576 (10,55%)	397 (7,39%)
екі пәннен:	360 (6,61%)	203 (3,72%)	127 (2,36%)
үш және одан да көп:	452 (8,30%)	223 (4,08%)	122 (2,27%)
Күндізгі оқу нысаны білім алушыларының жалпы үлгерім пайызы:	69,64%	80,40%	86,31%

2. АҒЫМДЫҚ БАҚЫЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ШАРАЛАРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІН ТАЛДАУ

7

Факультет атауы	Үлгерім көрсеткіші		
	АБ1	АБ2	АБ3
Жаратылыстану	78,81%	87,80%	91,90%
Тарих және педагогика	84,92%	87,79%	93,45%
Физика-математика	73,06%	86,88%	90,94%
Филология	76,74%	83,08%	87,21%
Өнер және білім	65,20%	74,94%	84,30%
Денешынықтыру және спорт	40,34%	66,83%	75,66%
Орташа үлгерім	69,64%	80,40%	86,31%

1-3 ағымдық бақылаулар бойынша үлгерім көрсеткіштері



Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
1. ОПҚ тарапынан ағымдық бақылауларды ұйымдастыруда академиялық еркіндіктің болуы. 2. Студенттердің Univer жүйесінде силлабустағы бағалау жүйесіне сай апта сайын бағалану мүмкіндігінің болуы.	1. Оқу жылында жаңадан қызметке қабылданған және зейнет жасындағы оқытушы-профессордардың Univer 2.0 жүйесінде студенттерді бағалауда жиі қателіктер жіберуі. 2. 6B01402-Дене шынықтыру және спорт мұғалімін даярлау білім беру бағдарламасы бірқатар студенттерінің спорттық жарыстарға жиі жіберілуі. 3. Студенттердің үлгерімдерінің деканаттар тарапынан ұдайы қадағаланбауы.
Мүмкіндіктері	Қауіпті жақтары
1. Univer 2.0 жүйесіне қойылған ағымдық бақылау нәтижелерімен студенттердің онлайн режимде танысу мүмкіндігінің болуы. 2. Дәлелді себептері болған жағдайда студенттердің өтініштері бойынша факультет декандары өкімі арқылы ағымдық бақылауды тапсыру мерзімінің создырылуы.	1. Ақылы негізде білім алушы студенттердің оқу белсенділіктерінің төмендігі. 2. Жалпы студенттер құрамының 41,20%-ын құрайтын 1-курс студенттерінің үлгерім көрсеткіштерінің төмендігі (32,37%).

1. Жалпы студенттер құрамының 41,20%-ын құрайтын 1-курс студенттерінің үлгерім көрсеткіштерінің төмендігі (32,37%) маман даярлаушы кафедра тарапынан талдануы тиіс.

2. Деканаттар тарапынан ақылы негізде білім алушы студенттердің оқу белсенділіктерінің төмен болу себептері талданып, үлгерімді арттыру мақсатында жұмыстар жүргізілуі тиіс.

3. Университеттің Академиялық саясатының оқу үрдісіне қатысты талаптары әрбір оқу тобында деканаттар тарапынан түсіндірілуі тиіс.

Қысқы емтихан сессиясы нәтижесіне талдау

2022-2023 оқу жылының қысқы емтихан сессиясының нәтижесі бойынша төмендегі ББ-лар бойынша ақылы негізде оқитын студенттердің орташа үлгерімі 50%-дан кем болған. Атап айтқанда:

1) Денешынықтыру және спорт факультеті бойынша 6B01401 Бастапқы әскери дайындық мұғалімін даярлау ББ-сының 1-курсында 11 студенттің үлгерімі – 45,45%, 2-курсында 24 студенттің үлгерімі – 45,83%, 5B010800-Денешынықтыру және спорт мамандығы 2-курсында 2 студенттің үлгерімі – 0,00%;

2) Тарих және педагогика факультетінің 6B01602 Тарих-Дінтану мұғалімін даярлау ББ 1-курсында – 40,00% (15 ст.), 6B01101 Педагогика және психология ББ 1-курсында – 25,00% (4 ст.), 6B01201 Мектепке дейінгі тәрбиелеу оқыту педагогикасы ББ 2-курсында – 00,00% (1 ст.);

3) Филология факультеті 6B01706 Өзбек тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау ББ 1-курсында – 0,00% (2 ст.), 2-курсында – 40,00% (10 ст.);

4) Физика-математика факультеті 6B01501 Математика мұғалімін даярлау (2,5 жыл) 1-курсында – 33,33% (6 ст.), 6B01508 Математика-Физика мұғалімін даярлау (2,5ж.) 1-курсында – 20,00% (10 ст.) және 6B01502 Физика мұғалімін даярлау ББ 1-курсында – 0,00% (1 ст.).

Курстар бойынша орташа үлгерім 4-5-курстарда – жоғары (100,00%).

3-курста орташа үлгерім – 93,49%, 2-курста – 85,65% және 1-курста – 82,36%-ды құрайды.

3. ҚЫСҚЫ ЖӘНЕ ЖАЗҒЫ СЕССИЯЛАРДЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ТАЛДАУ

Курсы	Сессия басындағы барлық студенттер саны	оның ішінде академиялық демалыстағылардың саны	емтиханды тапсыруға міндетті	емтиханға жіберілген	тапсырды					қанағаттанарлықсыз бағасын алғандар				абсолюттік үлгерім	сапа
					оқу жоспарының барлық пәндері бойынша	соның ішінде				барлығы	соның ішінде				
						тек қана өте жақсы	тек қана өте жақсы және жақсы	аралас бағалар	тек қана қанағаттанарлық		біреуін	екеуін	үш және одан да жоғары		
1-курс	2325	0	1916	1916	1578	29	919	629	1	336	133	95	108	82,36	1578
2-курс	2019	9	1840	1840	1576	87	974	512	3	262	144	71	47	85,65	1576
3-курс	877	4	784	784	733	61	470	193	9	51	29	11	11	93,49	733
4-курс	1122	2	1066	1066	1066	128	652	282	4	0	0	0	0	100	1066
5-курс	3	0	3	3	3	0	3	0	0	0	0	0	0	100	3
Жалпы	6346	15	5609	5609	4956	305	3018	1616	17	649	306	177	166	88,36	4956

Көктемгі емтихан сессиясы нәтижесіне талдау

2022-2023 оқу жылының көктемгі емтихан сессиясының нәтижесі бойынша төмендегі ББ-лар бойынша ақылы негізде оқитын студенттердің орташа үлгерімі 50%-дан кем болған. Атап айтқанда:

1) Денешынықтыру және спорт факультеті бойынша 6B01401 Бастапқы әскери дайындық мұғалімін даярлау ББ-сының 1-курсында 11 студенттің үлгерімі – 45,45%, 2-курсында 24 студенттің үлгерімі – 45,83%, 5B010800-Денешынықтыру және спорт мамандығы 2-курсында 2 студенттің үлгерімі – 0,00%;

2) Тарих және педагогика факультетінің 6B01201 Мектепке дейінгі тәрбиелеу оқыту педагогикасы ББ 2-курсында – 0,00% (1 ст.), 3-курсында – 0,00% (1 ст.);

3) Филология факультеті 6B01705 Орыс тілін оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау ББ 1-курсында – 49,25% (67 ст.);

4) Физика-математика факультеті 6B01502 Физика мұғалімін даярлау ББ 1-курсында – 0,00% (1 ст.);

5) Жаратылыстану факультеті 6B01506 География мұғалімін даярлау ББ 1-курсы бойынша – 0,00% (2 ст.);

Курстар бойынша орташа үлгерім 4-5-курстарда – 99,92% және 100,00%.

3-курста орташа үлгерім – 86,65%, 2-курста – 82,23% және 1-курста – 81,07%-ды құрайды

3. ҚЫСҚЫ ЖӘНЕ ЖАЗҒЫ СЕССИЯЛАРДЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ТАЛДАУ

13


Курсы	Сессия басындағы барлық студенттер саны	оның ішінде академиялық демалыстағылардың саны	емтиханды тапсыруға міндетті	емтиханға жіберілген	тапсырды					қанағаттанарлықсыз бағасын алғандар				абсолюттік үлгерім	сапа
					оқу жоспарының барлық пәндері бойынша	соның ішінде				барлығы	соның ішінде				
						тек қана өте жақсы	тек қана өте жақсы және жақсы	аралас бағалар	тек қана қанағаттанарлық		біреуін	екеуін	үш және одан да жоғары		
1-курс	3001	1	2552	2552	2069	44	1114	911	0	483	219	91	173	81,07	2069
2-курс	2248	9	2060	2060	1694	39	971	684	0	363	152	70	141	82,23	1694
3-курс	933	4	839	839	727	34	461	230	2	112	53	30	29	86,65	727
4-курс	1252	2	1192	1192	1191	147	977	67	0	1	1	0	0	99,92	1191
5-курс	4	0	4	4	4	0	4	0	0	0	0	0	0	100,0 0	4
Жалпы	7438	16	6647	6647	5685	264	3527	1892	2	959	425	191	343	85,53	5685

3. ҚЫСҚЫ ЖӘНЕ ЖАЗҒЫ СЕССИЯЛАРДЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ТАЛДАУ

14


№	Факультет	Қысқы емтихан сессиясы	Көктемгі емтихан сессиясы
1	Жаратылыстану	90,85	90,29
2	Филология	91,86	91,67
3	Физика-математика	90,76	89,00
4	Тарих және педагогика	91,39	93,77
5	Өнер және білім	86,82	82,18
6	Денешынықтыру және спорт	70,98	67,73
	Орташа үлгерім:	88,36	85,53

ОҚМПУ факультеттері бойынша қысқы және көктемгі емтихан сессиялары үлгерімдері



№	Курс	Қысқы емтихан сессиясы	Көктемгі емтихан сессиясы
1	1-курс	82,36	81,07
2	2-курс	85,65	82,23
3	3-курс	93,49	86,65
4	4-курс	100	99,92
5	5-курс	100	100
	Орташа үлгерім:	88,36	85,53

Курстар бойынша қысқы және көктемгі емтихан сессиялары үлгерімдері



Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
1. Университет тарапынан қысқы және көктемгі емтихан сессияларының университет академиялық саясаты талаптарына сай ұйымдастырылуы. 2. «FX» бағасын алған студенттердің Univer 2.0 жүйесінде емтиханды қайта тапсыруға өтінішті онлайн режимде беру мүмкіндігінің болуы.	1. Ақылы негізде білім алушы студенттердің білім грантымен оқитын студенттермен салыстырғанда үлгерім көрсеткіштерінің анағұрлым төмендігі. 2. «F», «FX» бағаларын алған студенттер санының басымдығы және олардың деканаттар тарапынан емтихан сессиясына қатысты ақпараттармен мерзімінде хабардар болмауы.
Мүмкіндіктері	Қауіпті жақтары
1. ҚР БҒМ нормативтік-құқықтық акті-леріне сай «FX» бағаны 1 рет қайта тапсыруға, «F» баға алған студенттердің 6 апталық жазғы семестрде пәнді қайта ақылы негізде игерулеріне мүмкіндіктің болуы.	1. Ақылы негізде оқуға қабылданған студенттердің базалық білімдерінің төмендігі. 2. Үлгерімі нашар білім гранты иегерлерінің ақылы негізде оқу үшін жекеменшік ЖОО-ларға ауысуы.

2022-2023 оқу жылының қысқы және көктемгі емтихан сессияларының нәтижесі бойынша орташа үлгерімдері 50%-дан кем болған:

1) 6B01401 Бастапқы әскери дайындық мұғалімін даярлау ББ-сының 1-2 курстары;

2) 6B01602 Тарих-Дінтану мұғалімін даярлау ББ 1-курсы;

3) 6B01101 Педагогика және психология ББ 1-курсы;

4) 6B01201 Мектепке дейінгі тәрбиелеу оқыту педагогикасы ББ 2-курсы;

5) 6B01706 Өзбек тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау ББ 1-2 курстары;

6) 6B01501 Математика мұғалімін даярлау (2,5 жыл) ББ 1-курсы);

7) 6B01508 Математика-Физика мұғалімін даярлау (2,5ж.) ББ 1-курсы;

8) 6B01502 Физика мұғалімін даярлау ББ 1-курсы;

9) 6B01201 Мектепке дейінгі тәрбиелеу оқыту педагогикасы ББ 2-3 курстары);

10) 6B01705 Орыс тілін оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау ББ 1-курсы;

11) 6B01506 География мұғалімін даярлау ББ 1-курсы студенттерінің үлгерімдері маман даярлаушы кафедралар мәжілістерінде және факультет кеңестерінде талқыланулары тиіс.

Университет бойынша **1-3** курстарда **5192** студенттің **933-і (17,97%)** 2408 пәнді жазғы семестрде игеруге тіркелген. Оның ішінде төмендегі 4 факультетте курс студенттерінің 30%-дан астамы жазғы семестрге пәндерді қайта игеруге тіркелген:

1) Дене шынықтыру және спорт факультеті 6B01402 Дене шынықтыру және спорт мұғалімін даярлау ББ 1-курсының **268** студенті **940** пәннен жазғы семестрге оқуға тіркелген. Бұл жалпы 1-курс студенттерінің **36,86%**-ын құрайды. Аталған ББ-ның **3-курсының 27 (35,06%)** студенті **61** пәнге тіркелген.

2) Филология факультеті бойынша 6B01705 Орыс тілін оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау ББ 1-курсының **33 (30,84%)** студенті **63** пәнге тіркелген.

3) Физика-математика факультеті бойынша 6B01501 Математика мұғалімін даярлау ББ 3-курс **7 (50,00%)** студенті **9** пәнге тіркелген.

4) Өнер және білім факультеті 6B01403 Музыка мұғалімін даярлау ББ 2-курс қысқартылған оқу нысаны **8 (53,33%)** студенті **34** пәннен тіркелген.


Маман даярлаушы кафедра мәжілістерінде студенттерінің **30%**-дан астамы жазғы семестрге пәндерді қайта игеруге тіркелген ББ-ларда оқу жылы бойында оқу үрдісін ұйымдастыру процесі, студенттердің базалық білімдерінің деңгейлері, студенттердің оқу пәндеріне қатысу көрсеткіштері, үлгермеуші студенттермен ұйымдастырылған жұмыс түрлері талқылануы тиіс.

Үлгерім көрсеткіші **8** білім беру бағдарламасында – **90-100%**, **7** білім беру бағдарламасында – **80-89%**, **6** білім беру бағдарламасында – **70-79%**, **7** білім беру бағдарламасында – **60-69%**, **2** білім беру бағдарламасында – **50-59%**, **1** білім беру бағдарламасында – **40-49%**, **1** білім беру бағдарламасында – **0%-ды** құрады.


4. КРЕДИТ ЖҮЙЕСІ БОЙЫНША ЖАЗҒЫ СЕМЕСТРДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

19

Білім беру бағдарламалары рейтингісі



Курстар бойынша үлгерім көрсеткіші



4. КРЕДИТ ЖҮЙЕСІ БОЙЫНША ЖАЗҒЫ СЕМЕСТРДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

20

Факультет атауы	Тіркелген студент саны	Оның ішінде емтихандарға:	
		жіберілмеген-дерінің саны	жіберілген-дерінің саны
Тарих және педагогика	98	10	88
Жаратылыстану	43	1	42
Физика-математика	86	3	83
Филология	228	4	224
Өнер және білім	68	4	64
Денешынықтыру және спорт	410	32	378
	933	54	879

177 студент академиялық пән қарыздарын басқа ЖОО-ларда жазғы семестрде игерді. Оның ішінде **32** студент – мемлекеттік білім гранті иегерлері және **145** студент ақылы негізде білім алушылар:

Факультет атауы	Студент саны	Оның ішінде	
		грант иегерлері	КШ
Физика-математика	7		7
Жаратылыстану	12	3	9
Филология	27		27
Тарих және педагогика	17	5	12
Өнер және білім	3	1	2
Денешынықтыру және спорт	111	23	88
	177	32	145

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
1. Университет тарапынан студенттердің элективтік пәндерге тіркелуі мен жазғы семестрдің университет академиялық саясаты талаптарына сай ұйымдастырылуы. 2. Univer 2.0 жүйесіне тестілеу емтихандары нәтижелерімен келіспеген студенттердің апелляцияға өтінішті онлайн режимде беру мүмкіндігінің болуы. 3. «FX» бағасын алған студенттердің Univer 2.0 жүйесінде емтиханды қайта тапсыруға өтінішті онлайн режимде беру мүмкіндігінің болуы.	1. Студенттердің 17,97%-ының жазғы семестрге тіркелуі және ақылы негізде оқитын студенттердің жазғы семестрге тіркелу үлесінің басымдығы. 2. Студенттердің бірқатарының университет академиялық саясатының оқу үрдісіне қатысты талаптарын ескермеулері. 3. Бірқатар пән оқытушыларының білім беру бағдарламаларының жазғы семестрдегі академиялық күнтізбелерін басшылыққа алмауларына байланысты, ағымдық бақылау бағаларының мерзімінде қойылмауы. 4. Жазғы семестрге тіркелген 54 студенттің сабақтарға талапқа сай қатыспай, ағымдық/межелік бақылау тапсырмаларын мерзімінде орындамауларына байланысты емтихандарға жіберілмеуі. 5. Жалпы білім беретін пәндер циклінің бірқатар пәндері бойынша қайта игеруге тіркелген студенттер санының басымдығы.
Мүмкіндіктері	Қауіпті жақтары
1. ҚР ҒЖБМ нормативтік-құқықтық акті-леріне сай GPA балдары төмен студенттердің 6 апталық жазғы семестрде пәнді ақылы негізде қайта игеру арқылы курстан-курсқа көшу мүмкіндіктің болуы. 2. Академиялық қарызы бар пәндерді студенттердің басқа ЖОО-ларда игеруге мүмкіндіктерінің болуы.	1. Ақылы негізде оқуға қабылданған студенттердің базалық білімдерінің төмендігі. 2. Студенттердің жазғы семестрде пәндерді ақылы негізде игеру үшін қаржылық тапшылықтары. 3. Академиялық қарызы бар пәндерден студенттердің басқа ЖОО-ларда тек «өте жақсы» және «жақсы» бағалармен бағалануы.

1. Студенттерінің 30%-дан астамы жазғы семестрге пәндерді қайта игеруге тіркелген 6B01402 Дене шынықтыру және спорт мұғалімін даярлау ББ 1-3 курсы, 6B01705 Орыс тілін оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау ББ 1-курсы, 6B01501 Математика мұғалімін даярлау ББ 3-курсы, 6B01403 Музыка мұғалімін даярлау ББ қысқартылған оқу нысаны 2-курсы студенттерінің оқу үлгерімдерінің төмендігі маман даярлаушы кафедра тарапынан талдануы тиіс.

2. 2022-2023 оқу жылының жазғы семестр нәтижесі факультет кеңестерінде талқылануы тиіс.

3. Академиялық пән қарыздары бар, GPA балы төмен студенттердің жазғы семестрге тіркелуі факультет деканаттары тарапынан қатаң қадағалануы тиіс.

Оқу жылында ағымдық бақылауларда жаңадан қызметке қабылданған және зейнет жасындағы оқытушы-профессордардың Univer 2.0 жүйесінде студенттерді ағымдық бағалауларда жиі қателіктер жіберулері орын алды.

6B01402-Дене шынықтыру және спорт мұғалімін даярлау білім беру бағдарламасы бірқатар студенттерінің спорттық жарыстарға жиі жіберілуі олардың ағымдық бақылауларда бағалануына кері әсерлерін тигізді.

Оқу жылы бойында ақылы негізде білім алушы студенттердің оқу белсенділіктерінің төмендігі байқалды. Жалпы студенттер құрамының **41,20%**-ын құрайтын **1-курс** студенттерінің ағымдық бақылау үлгерімдерінің көрсеткіштері төмен – **32,37%**-ды құрады.

Студенттердің үлгерімдерінің деканаттар тарапынан ұдайы қадағаланып тұруы тиіс деп есептейміз.

2022-2023 оқу жылының қысқы және көктемгі емтихан сессияларының нәтижесі бойынша **6B01401 Бастапқы әскери дайындық мұғалімін даярлау ББ-сының 1-2 курстары, 6B01602 Тарих-Дінтану мұғалімін даярлау ББ 1-курсы, 6B01101 Педагогика және психология ББ 1-курсы, 6B01201 Мектепке дейінгі тәрбиелеу оқыту педагогикасы ББ 2-курсы, 6B01706 Өзбек тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау ББ 1-2 курстары, 6B01501 Математика мұғалімін даярлау (2,5 жыл) ББ 1-курсы, 6B01508 Математика-Физика мұғалімін даярлау (2,5ж.) ББ 1-курсы, 6B01502 Физика мұғалімін даярлау ББ 1-курсы, 6B01201 Мектепке дейінгі тәрбиелеу оқыту педагогикасы ББ 2-3 курстары, 6B01705 Орыс тілін оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау ББ 1-курсы, 6B01506 География мұғалімін даярлау ББ 1-курсы** студенттерінің орташа үлгерімдері **50%-дан** кем болды. Бұл – маман даярлаушы кафедралар мәжілістерінде және факультет кеңестерінде талқыланулары тиістігін көрсетеді.

Студенттерінің 30%-дан астамы жазғы семестрге пәндерді қайта игеруге тіркелген **6B01402 Дене шынықтыру және спорт мұғалімін даярлау ББ 1-3 курсы, 6B01705 Орыс тілін оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау ББ 1-курсы, 6B01501 Математика мұғалімін даярлау ББ 3-курсы, 6B01403 Музыка мұғалімін даярлау ББ қысқартылған оқу нысаны 2-курсы** студенттерінің оқу үлгерімдерінің төмен болды. Сондай-ақ, ОҚМПУ-да пәндерден «қанағаттанарлықсыз» баға алып, басқа ЖОО-ларда жазғы семестрде пәндерді қайта игеруге тіркелген **177** студенттің көпшілігі емтихандарды тек «өте жақсы» және «жақсы» бағаларға тапсырғандығы күмән тудырады.

Жалпы алғанда, 2022-2023 оқу жылында Тіркеу офісі университет академиялық саясаты талаптарына сай қызмет атқарды.